



## Өндірістік практика

### Қысқаша сипаттама:

Өндірістік практика педагогикалық бағытта білім алушылардың теориялық білімін нақты білім беру ұйымдарының жағдайында практикалық қызметпен ұштастыруға бағытталған. Практика барысында білім алушылар жалпы орта және/немесе мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен танысады, педагогтің кәсіби қызметінің негізгі бағыттарын меңгереді және кәсіби дағдыларын қалыптастырады.

### Практика мақсаты

Білім алушылардың педагогикалық қызметке кәсіби дайындығын арттыру, теориялық білімді нақты оқу-тәрбие процесінде қолдану, педагогтің кәсіби құзыреттері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру

### Практика міндеттері

- Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:
- білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесінің құрылымымен және мазмұнымен танысу;
- педагогтің кәсіби қызметінің негізгі түрлерін меңгеру;
- сабақтарды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылармен жұмыс істеуде заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістерді қолдану;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және кері байланыс беру дағдыларын дамыту;
- педагогикалық әдеп пен кәсіби этика нормаларын сақтау;
- білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелері мен нормативтік талаптарын орындау.

### Оқудың күтілетін нәтижелері

Өндірістік практика аяқталғаннан кейін білім алушы:

- білім беру ұйымындағы педагогтің кәсіби қызметінің мазмұны мен ерекшеліктерін біледі;
- оқу сабақтарын жоспарлау және өткізу дағдыларын меңгереді;
- педагогикалық әдістер мен технологияларды практикалық қызметте қолдана алады;
- білім алушылармен, әріптестермен және ата-аналармен тиімді кәсіби қарым-қатынас орнатады;
- оқу-тәрбие процесінде қауіпсіздік талаптары мен педагогикалық этика нормаларын сақтайды;
- педагогикалық қызметке кәсіби дайындық деңгейін арттырады.
-